

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## « 3 дыбысы мен әрпі »

ЖАРИЯЛАНДЫ  
23.09.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/81800/>

Сабырғали Салтанат Сәбитқызы

«Жауқазын» балабақшасының

II- санатты тәрбиешісі

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы жетібай ауылы

Білім беру саласы: Коммуникация

Ұйымдастырылған оқу қызметі: « Сауат ашу және жазу негіздері»

Тақырыбы: « 3 дыбысы мен әрпі »

Мақсаты: тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз,жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз,тыңдаңызшы! және т.б.) қолдану.

Көрнекіліктер: ләпбук, слайд, суреттер, плакат

- Балалар бүгінгі оқу қызметіміз ерекше болмақ өйткені бүгін біздерге қонақтар келіпті амандасып алайық.
- Бүгін қандай керемет күн.Бұл күнді жақсы, қуанышты көңіл күймен өткізу үшін сендерді шаттық шеңберіне шақырамын.
- Шаттық шеңбері

Күннің көзі ашылсын,

Көкке шуақ шашылсын.

Амандасу үлкенмен,

Тәрбиенің мәні ғой.

Алдыменен, халайық,

Амандасып алайық.

Педагог балалардың зергердің суретін көрсетіп,зергердің атқаратын міндеті туралы әңгімелейді.

Балаларға сұрақ қояды.

– Сендердің үйлеріңде әшекей бұйымдар барма?

– Мұражайға барып көрдіңдер ме?

Балалар сұраққа жауап беріп өз ойларын айтады.

Әліппе-дәптермен жұмыс

1-тапсырма

Педагог балалардың зергердің суретін көрсетіп, зергердің атқаратын міндеті туралы әңгімелейді.

Балаларға сұрақ қояды.

– Сендердің үйлеріңде әшекей бұйымдар барма?

– Мұражайға барып көрдіңдер ме?

Балалар сұраққа жауап беріп өз ойларын айтады.

Әліппе-дәптермен жұмыс

1-тапсырма

Педагог балаларға қару-жарақтар, музыкалық аспаптар мен қазанның суреттерін көрсетеді. Балалар заттардың аттарын атайды: қобыз, семсер, садақ, қазан, найза, домбыра, сыбызғы.

Суреттегі заттарды ататып, сызықпен қосып топтастырып, сұрақтарға жауап беру.

Сен қандай музейде болдың?

Артық зат қайсысы? (Қазан).

Суретте берілген заттардың аттарынан

«З» дыбысын табу «З» дыбысының орнын анықта. Балалар кеңістікті бағдарлайды. «З» дыбысы нешінші буында екенін айтады.

2-тапсырма

Педагог балаларға моншақтар мен түсті қағаздардан «З» әрпін құрастыруды ұсынады.

3-тапсырма.

Қай зат үстінде тұр? Сол заттың суретін боя. Берілген тапсырмада сызғыштағы 8 санын тігінен екіге бөлгенде оң жағы «З» әрпі және 3 цифры болады. Жауабы болған жағын бояңдар.

Сергіту сәті

Ұзын қанат инелік,

Инелікке тимелік,

Ұшақты біз жасадық,

Инеліктен үйреніп.

Зу-зу, зу-зу, зу-зу.

4-тапсырма

Педагог балаларға «З» дыбысы туралы әңгіме оқып береді және «З» дыбысының дұрыс айтылуын қайталайды. «З» дыбысын айтқанда дыбыс кедергіге ұшырайды, тістердің арасынан шығады.

Өзеннен «З» әрпі өзінің бейнесін көріп, танымай үш саны екен деп таңданып қалады. Төбесінде зауза қоңызы «З-з-з!» деп ұшып жүреді. «З» дыбысы судан нені көрді? 3 цифры

мен «З» әрпін салыстырыңдаршы.

Қорытынды:

— Балалар бүгін біз қандай дыбыспен таныстық?

— «З» дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?

— «З» дыбысы қандай дыбыс ?

Оқу қызметіне жақсы қатысқаны үшін сыйлық тарату.

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: «З» дыбысының дауыссыз дыбыс екенін, 3 санына ұқсайтындығын;

Меңгереді: « З » дыбысының сөздің басында, ортасында кездесетіндігін;

Игереді: « З » дыбысының дұрыс айтылуын;

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.